

Ж. Тәшенов атындағы жалпы орта мектебі

Ақселеу Сейдімбектің мерейтойына арналған дөңгелек стол



Ұлылықтың
Ұлгісіндей

болған

Ақселеу Сейдімбек 80 жаста

Ұйымдастырушы : Шұлғаубаева Ұлмекен Аханқызы

..Ұлылықтың үлгісіндей болған Ақселеу Сейдімбек 80 жаста

жазушы, әдебиет зерттеуші, ғалым, филология ғылыминың докторы, профессор Ақселеу Сейдімбектің мерейтойына арналған дөңгелек стол

Реті	Мұгалімнің аты-жөні	тақырыптар
1	Шұлғаубаева Ұ.А.	А. Сейдімбектің «Ақын» хикаятында баяндалған құсбегілік өнер туралы түсінгенім «Абыз дала Аңыз дала перзенті Ақселеу Сейдімбек 80 жаста» өмірі мен шығармашылығына шолу
2	Өткелбаева Г.Ж.	
3	Жұнісова П.З.	А. Сейдімбектің «Күзеуде» хикаятындағы мен күә болған үқсас жайттар
4	Досхожаева О.М.	Арқаның алтын асығы
5		
6		

Іс-шара мақсаты:

1. Жазушы A. С.-тің өмір жолы мен шығармашылығы туралы мәлімет беру
2. A. С.-тің ұлылығының сырын үгындыру
3. Шығармаларындағы басты өзекті тақырыптарға тоқталу

Ақселеу Сланұлы Сейдімбек (12 желтоқсан 1942, Атасу ауылы, Жаңаарқа ауданы, Қарағанды облысы - 16 қыркүйек 2009 жыл, Астана) - жазушы, әдебиет зерттеуші, ғалым, филология ғылымының докторы (1998), профессор (2003).



Г Экесі Слан Екінші дүниежүзілік соғыста қайтыс болып, әкесінің ағасы Аманбектің тәрбиесін көріп өскен. Орта жүздің Таракты руынан.

- 1959 жылы Жаңаарқа ауданының орталығында №1 қазақ орта мектебін бітірген соң, комсомолдық жолдамамен Қызылтау, Ақтау кеңшарларының мал шаруашылығында үш жыл еңбек етеді.
- 1961 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақтың ұлттық университетіне оқуға түсіп, 1968 жылы журналистика факультетін бітіріп шықты. Университетте оқып жүріп 1963-64 жылдары Троицк қаласында әскери міндептін атқарып қайтады. Ол Әл-Фараби атындағы университеттің «Журналист» газетін шығарушы алқаның және М.Әуезов атындағы Әдеби бірлестіктің мүшесі, «Қайнар» қолжазба журналының бас редакторы, Мәскеудегі казақ жастары құрған «Жас тұлпар» атты мәдени қозғалыстың Қазақстандағы өкілі болып, шығармашылық және қоғамдық жұмыстарға сергек араласа бастайды.
- «Лениншіл жас» газетінің тілшісі (1968-1975)
- Қарағанды облысы «Орталық Қазақстан» газетінің жауапты хатшысы (1975-1976)
- 1976-1983 ж. «Социалистік Қазақстан» газетінің әдебиет және өнер бөлімінің менгерушісі.
- 1983-1987 ж. «Білім және еңбек» журналының бас редакторы.
- 1987-1988 ж. «Әлем» альманағының бас редакторы.
- 1988-1997 ж. ҚазКСР ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтында ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, жетекші ғылыми қызметкер, бөлім менгерушісі болды.
- 1997-1998 ж. Қазақтың ІІ. Алтынсарин атындағы Білім проблемалары институтының директоры.
- 1999 жылдан Астанадағы Еуразия ұлттық университетінде кафедра менгерушісі.

Ақселеу Сейдімбек 2009 жылдың 16 қыркүйек күні Астана қаласында қайтыс болды. Жазушының өситеті бойынша, Ақселеу Сейдімбек Жаңаарқа ауданының орталығы Атасу кентінің іргесіндегі Қарауылтөбеке жерленді. 19 күнгі қаралы митингке Астана қаласының әкімі Иманғали Тасмагамбетов,

Асанәлі Әшімов, Алдан Смайыл, Галым Жайлышбай, Серік Тұрғынбеков
катысып, сөз сейледі.

Шығармашылығы

- Алғашқы әңгімелер жинағы "Ақиын" 1972 жылы жарық көрген
- «Қыр хикаялары» (1977)
- «Тауға біткен жалбызы» (1979)
- «Кеніш» (1979)
- «Алпамыс батыр» (1979)
- «Серпер» (1982)
- «Ақ қызы» (1991) және т.б. әңгіме, повесть, очерктері
- «Күнгір-күнгір күмбездер» (1981)
- «Мың бір маржан» (1989)
- «Қазактың әйгілі күйшілері» (1992)
- «Балталы бағаналы ел аман бол» (1993)
- «Күй шежіре» (1993)
- «Көшпелілер тарихы» (1995)
- «Ойтолғақ» (1997)
- «Күй шежіре» (2-т.; 1997)
- «Қазақ әлемі» (1997) атты ғылыми-танымдық еңбектері жарық көрді.

Аудармалары

- Гомердің «Илиада»
- «Одиссеясын» (қара сөзбен әңгіме, 1974)
- И. Можейқаның «Әлемнің 7 және 37 кереметін» (1981) қазақ тіліне аударды.

Шығармалары ағылшын, венгр, неміс, орыс, өзбек, чех, эстон тілдеріне аударылған.

Қанатты, нақыл сөзі

Акселеу Сейдімбек өзінің «Қазақтың күй өнері» (2002) атты кітабында былай деген болатын:

«*Өзіндік қасиеттен айырылған үлт өлеңді. Үлтты өлтірмейтін оның төлтума мәдениеті гана. Сондықтан бұл жолда еткен еңбек пен төккен терді Тәңірдің сыйбагасына балай жүріп, еткеннің асылдары болашақ үрпақтың жсан-жүрегін жылдытуы үшін қол жалғап жіберуіміз қажет-ақ»* »

. Бұл сөз оның өмірі мен шығармашылығының бағдарламасы іспеттес.

Марапаттары

- «Кеніш» кітабы үшін Қазақстан Журналистер одағының лауреаты болып, бірінші дәрежелі сыйлықпен марапатталады.
- «Құрмет» орденімен марапатталған.



